

Алматы қаласында қызметтің кейбір түрлерін лицензиялау туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 9 наурыздағы N 1/127 қаулысы. Алматы қалалық Әділет департаментінде 2005 жылғы 8 сәуірде N 647 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 19 ақпандағы N 2/242 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 19 ақпандағы N 2/242 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Жергілікті мемлекеттік басқару туралы", 1995 жылғы 17 сәуірдегі " Лицензиялау туралы", 1998 жылғы 1 шілдедегі " Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы", 2004 жылғы 20 желтоқсандағы " Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару мен бюджеттік қарым-қатынастар деңгейлері арасындағы өкілеттіктерді шектеу мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" N 13-III Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" Заңын жүзеге асыру туралы" N 1894 Қаулысына сәйкес, Алматы қаласының Әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әрекет етуші заңнамаларға сәйкес Алматы қаласы жергілікті атқарушы органының қызметтің кейбір түрлеріне 1-қосымшаға сәйкес лицензиялауды жүзеге асыратындығы назарға алынсын.

2. Алматы қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментіне (бұдан әрі - Департамент) лицензия алуға арналған құжаттарды қабылдау мен қарау, Алматы қаласы әкімдігінің лицензиялау жөніндегі тиісті қаулыларын дайындау, лицензияларды тіркеу, есепке алу мен беру, лицензиялық бақылауды жүзеге асыру, лицензиялардың әрекетін тоқтату мен қайтарып алу жөніндегі құжаттарды дайындау мен рәсімдеу жөніндегі міндеттер жүктелсін. Департамент директорына әкімдік қаулысын орындау мақсатында берілетін лицензияға қол қою құқығы берілсін.

3. Қызметтің нақты түрлеріне лицензия алу үшін біліктілік талаптарына сәйкестікті тексеруді жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесі 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулылары 3-қосымшаға сәйкес күшін жойды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ.А. Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі *И. Тасмағамбетов*
Әкімдік хатшысы *К. Тәжиева*

Алматы қаласы әкімдігінің
"09" наурыздағы 2005 ж.

№ 1/127 қаулысына 1 Қосымша

**Алматы қаласының Әкімдігі лицензиялауды
жүзеге асыратын қызмет түрлерінің
ТІЗБЕСІ**

1) дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен дәрі-дәрмектерін қолданумен байланысты жұмыстар мен қызметтердің түрлері;

2) Алматы қаласының аумағына шет елден жұмыс күшін тартумен және Алматы қаласынан жұмыс күшін шығарумен байланысты қызметтер;

3) республикалық мәндегі ұйымдар атқаратын жұмыстар мен қызметтерден басқа медициналық және дәрігерлік қызметтер, сондай-ақ Алматы қаласынан тысқары жерлерге таралатын қызметтер және акушерлік, гинекологиялық, венерологиялық, иммунологиялық, наркологиялық, фтизиатриялық, неонатологиялық, педиатрия мен наркологиялық сараптама қызметінің түрлері;

4) дәрі-дәрмектер шығару, дайындау, толайым және бөлшектеп сату;

5) денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі, психотроптық заттарының және прекурсорлардың айналымымен: өндірумен, тасымалдаумен, сатып алумен, сақтаумен, бөлумен, сатумен, пайдаланумен, жойып жіберумен байланысты қызмет түрлері;

6) республикалық бюджет қаражаттары есебінен қаржыландырылатын, орта кәсіби; діни (діни оқу орындары) білім беру бағдарламасын жүзеге асыратындардан; халықаралық және шет елдік заңды тұлғалардан басқа жалпыға бірдей бастауыш, негізгі немесе орта; жалпыға бірдей бастапқы кәсіби, орта кәсіби білім беретін заңды тұлғалардың, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс білім беретін ұйымдардың қызметі;

7) Алматы қаласының аумағында лотереялар (мемлекеттік (ұлттық) лотереядан басқа) ұйымдастыру мен өткізу;

8) ойын бизнесі саласындағы қызмет;

Ескерту. 8 тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 11 қарашадағы № 5/765 қаулысымен.

9) алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) бөлшек саудалау;

10) жылу қуатын өндіру, беру және бөлу (белгіленген жылу қуаттылығының жиынтығы сағатына 100 Г/калориялық жылу қуатының көздерінен);

11) алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және толайым саудалау;

12) заңды тұлғалардың түсті және қара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі мен сатуы;
13) турагенттік, туроператорлық қызмет пен туризм нұсқаушысының қызметі ;

14) қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар (жылу қуатының жиынтығы сағатына 100 Г/кал. дейінгі) мен құбырларды пайдалану;

15) қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді (өндірістік тоңазытқыш қондырғыларында, тұрмыстық газ баллондарында қолданылатын) пайдалану;

16) дене тәрбиесі-сауықтыру және спорт қызметін жүзеге асыратын дене тәрбиесі-сауықтыру, спорт клубтарының, орталықтарының, секциялары мен басқа да ұйымдардың; бірінші, екінші және үшінші дәрежедегі спорт құрылғыларында дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметін көрсететін заңды және жеке тұлғалардың; дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, одақтардың, ассоциациялардың (облыстық федерациялардың) қызметі;

Ескерту. 16 тармақша толықтырылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 11 қарашадағы N 5/765 қаулысымен .

17) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), сату және қолдану жөніндегі қызмет;

Ескерту. 17 тармақшамен толықтырылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2006 жылғы 13 наурыздағы N 1/209 қаулысымен .

18) ветеринария саласындағы қызметке: мал дәрігерлік мәндегі дәрі-дәрмектерді өндіру мен сатуға; мал дәрігерлік мақсатқа арналған дәрілік заттарды, биологиялық дәрілерді сатуға; мал өнімдері мен шикізаттарын мал дәрігерлік-санитариялық сараптамадан өткізуге; мал дәрігерлік емдеу-профилактикалық қызмет.

Ескерту. 18 тармақшамен толықтырылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2006 жылғы 13 наурыздағы N 1/209 қаулысымен .

Әкімдік хатшысы К. Тәжиева

Алматы қаласы әкімдігінің
"09" наурыздағы 2005 ж.

N 1/127 қаулысына 2 Қосымша

Қызметтің нақты түрлеріне лицензия алу үшін біліктілік талаптарына сәйкестікті тексеретін ұйымдардың ТІЗБЕСІ

1. Алматы қаласының Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті-дезинфекция, дезинсекция және дератизация құралдары мен дәрі-дәрмектерін қолданумен байланысты жұмыстар мен қызметтер түрлеріне, сондай-ақ санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы медициналық

қызметке

қорытынды.

2. Алматы қаласының Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті-Алматы қаласының аумағына шет елден жұмыс күшін тартумен және Алматы қаласынан жұмыс күшін шығарумен байланысты қызметтерге қорытынды.

3. Алматы қаласының Денсаулық сақтау департаменті- медициналық және дәрігерлік қызметтерге; дәрі-дәрмектер шығару, дайындау, толайым және бөлшектеп сатуға; денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі, психотроптық заттарының және прекурсорлардың айналымымен: өндірумен, тасымалдаумен, сатып алумен, сақтаумен, бөлумен, сатумен, пайдаланумен, жойып жіберумен байланысты қызмет түрлеріне қорытынды.

4. Алматы қаласының Білім беру департаменті- жалпыға бірдей бастауыш, негізгі немесе орта, жалпыға бірдей бастапқы кәсіби, орта кәсіби білім беретін заңды тұлғалардың; сондай-ақ мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың қызметіне қорытынды.

5. Алматы қаласының Қаржы департаменті-Алматы қаласының аумағында лотереяларды (мемлекеттік (ұлттық) лотереядан басқа) ұйымдастыру мен өткізу қызметіне қорытынды.

6. Алматы қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті-ойын бизнесі саласында, сондай-ақ турагенттік, туроператорлық қызмет пен туризм нұсқаушысының қызметіне қорытынды.

Ескерту. 6 тармақ өзгерді - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 11 қарашадағы N 5/765 қаулысымен.

7. Аудан әкімдерінің аппараты - алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) бөлшек саудалауға қорытынды.

8. *Алынып тасталды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 11 қарашадағы N 5/765 қаулысымен.*

9. "Қазалкоорталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорны- алкоголь өнімдерін (сырадан басқа) сақтау және толайым саудалауға қорытынды.

10. Алматы қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті-заңды тұлғалардың түсті және кара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауына (дайындауына), сақтауына, қайта өңдеу мен сатуына, сондай-ақ пестицидтерді (улы химикаттарды)өндіру (формуляциялау), сату және қолдану жөніндегі қызметке, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметке: мал дәрігерлік мәндегі дәрі-дәрмектерді өндіру мен сатуға; мал дәрігерлік мақсатқа арналған дәрілік заттарды, биологиялық дәрілерді сатуға; мал өнімдері мен шикізаттарын мал дәрігерлік-санитариялық сараптамадан өткізуге; мал дәрігерлік емдеу-профилактикалық қызметіне қорытынды береді.

Ескерту. 10 тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы Әкімдігінің 2006

жылғы 13 наурыздағы N 1/209 қаулысымен .

11. Алматы қалалық төтенше жағдайлар саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы-қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар (жиынтық жылу қуаттылығы 100 Гкал/сағатқа дейінгі) мен құбырларды пайдалануға; қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді (өндірістік тоназытқыш қондырғылардың, тұрмыстық газ баллондарының құрамындағы) пайдалануға қорытынды, жылу қуатын өндіруге, беру мен таратуға (орнатылған жылу қуатының жалпы жиынтығы 100 Гкал/сағат болатын жылу энергиясының көздерінен).

Ескерту. 11 тармақ өзгерді - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 11 қарашадағы N 5/765 қаулысымен .

12. Алматы қаласының дене тәрбиесі және спорт басқармасы- дене тәрбиесі-сауықтыру және спорт қызметін жүзеге асыратын дене тәрбиесі-сауықтыру, спорт клубтарының, орталықтарының, секциялары мен басқа да ұйымдардың; бірінші, екінші және үшінші дәрежедегі спорт құрылғыларында дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметін көрсететін заңды және жеке тұлғалардың; дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жергілікті қоғамдық бірлестіктердің, одақтардың, ассоциациялардың (облыстық федерациялардың) қызметіне шарт жасасуға.

Ескерту. 12 тармақ толықтырылды - Алматы қаласы Әкімдігінің 2005 жылғы 11 қарашадағы N 5/765 қаулысымен .

Әкімдік хатшысы К. Тәжиева

Алматы қаласы әкімдігінің
"09" наурыздағы 2005 ж.

N 1/127 қаулысына 3 Қосымша

Күші жойылды деп танылған Алматы қаласы әкімдігі қаулыларының ТІЗБЕСІ

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2001 жылғы 11 шілдедегі "Алматы қаласында қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау туралы" N 1/72 қаулысы, Алматы қаласының Әділет басқармасы 3.10.2001 жылы N 392 ретпен тіркеп, 2001 жылдың қараша айында "Вечерний Алматы", "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарияланған .

2. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 12 ақпандағы "Алматы қаласы әкімдігінің 2001 жылғы 11 шілдедегі "Алматы қаласында жекелеген қызмет түрлерін лицензиялау туралы" N 1/72 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" N 1/112 қаулысы, Алматы қаласының Әділет басқармасы 27.02.2002 жылы N 440 ретпен тіркеп, 2002 жылдың наурыз айында "Вечерний Алматы", "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарияланған.

3. Алматы қаласы әкімдігінің 2002 жылғы 19 шілдедегі "Алматы қаласы әкімдігінің 2001 жылғы 11 шілдедегі "Алматы қаласында қызметтің жекелеген

түрлерін лицензиялау туралы" N 1/72 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" N 3/396 қаулысы, Алматы қаласының Әділет басқармасы 05.07.2002 жылы N 459 ретпен тіркеп, 2002 жылдың шілде айында "Вечерний Алматы", "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарияланған.

4. Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 04 мамырдағы "Алматы қаласы әкімдігінің 2001 жылғы 11 шілдедегі "Алматы қаласында қызметтің жекелеген түрлерін лицензиялау туралы" N 1/72 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" N 3/383 қаулысы, Алматы қаласының Әділет басқармасы 11.06.2004 жылы N 604 ретпен тіркеп, 2004 жылдың шілде айында "Вечерний Алматы", "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарияланған.

Әкімдік хатшысы

К. Тәжиева